

ҚАЗІРГІ ӘЛЕМДЕГІ ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР: ҚҰНДЫЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ БІРЕГЕЙЛІККЕ ӘСЕРІ*

¹Нұрмұратов Серік Есентайұлы, ²Жаңабаева Динара Мұхтарқызы,
³Мейрманов Аманжол Досжанұлы

^{1,2}ҚР ҒЖБМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты
(Алматы, Қазақстан)

³Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Алматы, Қазақстан)
¹s.nurmuratov@mail.ru, ²dinara.jan@bk.ru, ³amanjol67@mail.ru

¹Nurmuratov Serik, ²Zhanabaeva Dinara, ³Meirmanov Amanzhol

^{1,2}Institute of Philosophy, Political Science and religious CS MSHE RK
(Almaty, Kazakhstan)

³Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan)
¹s.nurmuratov@mail.ru, ²dinara.jan@bk.ru, ³amanjol67@mail.ru

Аңдатпа. Авторлар мақалада заманауи қазақстандық қоғамдағы құндылықтық бағдарларға цифрлық технологиялардың әсерін қарастырып, ұлттық бірегейліктің қалыптасу үдерісіне ерекше назар аударады. Пәнаралық тәсілді қолдану арқылы цифрландырудың рухани құндылықтарға тигізетін ықпалын талдаумен қатар, дәстүрлі мәдени нормалар мен техногендік идеалдар арасындағы негізгі қайшылықтарды анықталып, сондай-ақ олардың ықтимал конвергенция механизмдерін зерттелінген.

Цифрлық бірегейліктің қалыптасу ерекшеліктері мен оның қазақстандық жастардың әлеуметтік ұстанымдары мен мінез-құлықтық модельдеріне әсері жан-жақты қарастырылады. Сонымен қатар, ғаламдық ақпараттық кеңістікте ұлттық бірегейліктің әлсіреу қаупі, цифрлық платформалар мен әлеуметтік желілердің қоғамдық санаға ықпалы, коммуникация мен ақпарат тұтынудың жаңа формаларының таралуы, олардың құндылықтық басымдықтарға әсері сияқты өзекті мәселелер талданған.

Авторлар цифрлану жағдайында дәстүрлі рухани және мәдени құндылықтарды сақтау мен бейімдеудің болашағын қарастырумен қатар, ұлттық бірегейлік пен цифрлық инновацияларды үйлесімді ұштастырудың ықтимал стратегияларын ұсынады. Цифрлық трансформация саласындағы мемлекеттік саясат мәселелеріне, сондай-ақ мәдени тұрақтылықты нығайтудағы білім беру және ағартушылық бастамалардың рөліне ерекше көңіл бөлінеді.

* Мақала BR21882302 «Цифрлық трансформациялану жағдайындағы қазақстандық әлеумет: болашағы мен тәуекелдер» атты Мегажобаның ауқымында орындалды.

Осылайша, бұл зерттеу цифрлық технологиялар дәуіріндегі құндылықтық бағдарлардың өзгеру үдерісін түсінуге үлес қосып, өзгерістер жағдайында ұлттық бірегейлікті сақтау мәселесін өзектендіре түседі.

Түйін сөздер: цифрландыру, технологиялар, құндылықтар, бірегейлік, трансформация, мәдениет, заманауи әлем, желілік бірегейлік, жаңа жүйе.

Кіріспе

Соңғы онжылдықта дамып жатқан цифрлық технологиялар экономика мен әлеуметтік институттарды өзгерістерге ұшыратып қана қоймай, қоғамның тұлғалық және мәдени құндылықтарына терең әсер етуде. Қазақстан Орталық Азияның жетекші елдерінің бірі бола отырып, бірегейліктің жаңа формасын қалыптастырудан бастап желілік технологиялар мен бұқаралық коммуникацияға байланысты этикалық қақтығыстарға дейінгі қоғамның барлық аспектілерін қамтитын цифрландырудың көптеген сын-тегеуріндеріне тап болады. Бұл мақалада цифрлық технологиялардың қазақстандық қоғамның құндылық құрылымына, атап айтқанда, ұлттық бірегейлікті қалыптастыру процесіне қалай әсер ететіндігі кеңінен қарастырылады.

Қазіргі турбулентті геосаяси кеңістікте орын алып жатқан оқиғалар қатарының тығыздануы және жеделдеуі, жаңа коммуникациялық технологиялармен (интернет, жасанды интеллект, ChatGPT типіндегі жаңа нейрожелілер және т.б.) байланысты жаңа технологиялық деңгейге өту тенденциялары, адам санасына әсер ету технологиялары, мемлекеттік құрылымдардың егемендіктен алшақтауы және бұрын имплицитті (жасырын) сипатқа ие болған құбылыстар мен оқиғалардың көріністері күшейіп келеді.

Қазіргі өркениет дамуының векторын анықтайтын объективті себептермен қатар, ғаламдық күн тәртібіне кірген, яғни жаһанадану-унификация қатынасы бар. Көптеген әлемдік алып қоғамды зерттеушілердің пікірінше, бұл процестердің артында ірі трансұлттық корпорациялар, қаржы және банк топтары тұр, олар капиталдар, ресурстар және қызметтерді ұлттық мемлекеттердің шекаралары арқылы айналымдарын жеңілдетуді қалайды. Осылайша, ұлттық мемлекеттердің шекаралары арқылы әлемдік мәдени кеңістікті гомогенизациялауға ең алдымен жаһандық капитал мүдделі. Сондықтан, мәдени кеңістіктің гомогенизациясына (саналы немесе бейсаналы түрде) алып келетін ғылыми-саяси концепцияларды мұқият талдау қажет.

Цифрлық технологиялардың әлеуметтік және мәдени құндылықтарға ықпалы

Қазіргі технократиялық қоғамдағы цифрлық технологиялар әлеуметтік-экономикалық, мәдени және саяси өмірдің барлық салаларында кеңінен таралуда. Қоғамдық өмірдің өзгеруі, экономика мен әлеуметтік саланың қарқынды дамуы адамдардың мәдениеті мен күнделікті өмірінің көп саласын өзгеріске ұшыратады. Ресейлік философ В.С. Степин атап өткендей, «техногендік өркениеттің бірқатар негізгі құндылықтары күрделі, жаңа құндылықтардың негізі пайда болады. Оларды талдап, қаншалықты өміршең екендігін, қандай нәтижеге әкелетіндігін анықтау керек» [1, 176.].

XXI ғасырдың басында заманауи қоғамда көптеген адамдардың өмір салты мен дүниетанымындары өзгеріске ұшырады. Цифрлық технология қала өмірі үшін ғана емес, дамыған елдердің барлық шалғай аудандары үшін де имманентті құбылысқа айналды. Бұл фактілерді негізінен әлеуметтік субъектілер тарихтың қазіргі кезеңіндегі жоғары өркениеттің белгісі ретінде қабылдады. Қазіргі таңда адамдар, әсіресе жас ұрпақ білім беру процесінде және күнделікті өмірде ақпараттық технологияны қолданбай өмір сүре алмайды. Қоғамдағы цифрлық технологиялардың дамуының қазіргі әлемде оң және теріс сипаттағы көп аспектілі әлеуметтік салдарлары бар екендігін атап өткен жөн.

Цифрландыру ғылыми-техникалық прогресс феномені ретінде қоғамның әлеуметтік өмірінің барлық салаларын қамтитын объективті процесс болып табылады және ол цифрлық технологияларды, соның ішінде оның құрылымы мен өзегін құрайтын цифрлық экономиканы кеңінен енгізуден көрінеді. Интернет, AI-жасанды интеллект, блокчейн технологиялары (Блокчейн, жергілікті есептеулерді ұжымдық жазу тәсілі ретінде, нәтижелерді жалпыға бірдей білуге кепілдік береді және осылайша жиынтық пен түпкілікті нәтижелердің қолдан жасалмауын қамтамасыз етеді. Ол сайлаудың ресми нәтижелерінің жалпыға белгілі көшірмесі ретінде қызмет етеді, оны ресми нәтижелерді көрсету және қоғамның сенімін қалыптастыру үшін көпшілік алдында және дербес пайдалануға болады) және Big Data және т.б. цифрлық технологияның құрамдас бөліктері болашақта кез-келген мемлекеттің даму деңгейін толығымен анықтайды. Олар бір жағынан ғылыми-техникалық прогрестің әлеуметтік бейтарап құбылыстары болуы мүмкін, әлеуметтік субъектілерге қоғамның әлеуметтік-экономикалық қырының көптеген салалары бойынша тиімді дамудың сапалы жаңа мүмкіндіктерін ұсынады, бірақ сонымен қатар сарапшылардың пікірінше маңызды әлеуметтік тәуекелдер мен қайшылықтардың көзі болып табылады.

Жасанды интеллект, интернет және виртуалды коммуникациялық платформалар сияқты цифрлық технологиялар қазақстандық қоғамның құрылымын өзгертуде шешуші рөл атқарады. Олар ұжымшылдық, үлкенге құрмет және отбасылық қатынастардың рөлі сияқты дәстүрлі құндылықтарға әсер етпей қоймайды. Бір жағынан, олар белсенді өзара әрекеттесуге және ақпарат алмасуға мүмкіндік бергенімен, екінші жағынан, қоғамның бөлінуіне, шамадан тыс индивидуализмге және әлеуметтік желілерге тәуелділік сынды қауіпті төндіреді. Рухани құндылықтар мен техногендік идеалдардың конвергенция процестері ерекше мәнге ие болады. Мысалы, білім беру процестеріне цифрлық технологияларды енгізу арқылы сыни және аналитикалық ойлаудың дамуына ықпал етті, сонымен бірге тұлғааралық қатынастардың эмоционалды және этикалық компонентінің төмендеу қаупін де тудырды.

Зерттеулер көрсеткендей, технологияға қол жетімділіктің әртүрлі деңгейі адамдар арасындағы цифрлық алшақтық әлеуметтік-экономикалық теңсіздіктің күшеюіне әкелуі мүмкін. Білімі төмен немесе мүмкіндігі шектеулі адамдар цифрлық технологияны негізінен ойынсауық мақсатында пайдаланады, ал әлеуметтік мәртебесі жоғары адамдар оларды білім беру, экономикалық және әлеуметтік әлеуетін арттыру үшін пайдаланады. Бұл әсіресе жасанды интеллект енгізілген кезде теңсіздіктің күшеюіне әкелуі әбден мүмкін [2].

Үндістандық зерттеушілердің «Transformative power of technologies: cultural transfer and globalization» атты еңбегінде жаһандану мен цифрлық технологияларды енгізуден туындаған мәдени өзгерістерді қарастырады. Цифрлық технологиялар өзара әрекеттесудің дәстүрлі түрлерін өзгерту және мәдени кеңістіктің гомогенизациясына ықпал ету арқылы жаһандық мәдени трансформацияға ықпал етеді. Бұл әсіресе артып келе жатқан жаһандану жағдайындағы қазақстандық бірегейлікті сақтау тұрғысынан өте маңызды болып табылады [3].

Цифрлық технологиялардың қазақстандық бірегейлікке ықпал етуіндегі негізгі аспектілерінің бірі этикалық құндылықтардың қақтығысы болып табылады. Анонимділік пен сөз бостандығы кең таралған цифрлық қоғам жағдайында виртуалды кеңістіктегі әрекеттері үшін тартылатын жауапкершілікке байланысты қатерлер айқындала түседі. Көбінесе желілік платформалар қоғамда этикалық шиеленісті тудыратын дәстүрлі моральдық негіздерге қайшы келетін мәлімдемелерді өрбітетін алаңына айналып жатады. Шынайы бірегейлікке параллель дамып келе жатқан желілік бірегейлік басым жағдайда жаңа, кейде қарама-қайшы мәдени және әлеуметтік бағыттардың пайда болуына әкеледі. Бұл әсіресе ұлттық бірлік пен мәдени дәстүрлердің рөлі күшті қазақстандық қоғам контекстінде өзектілігі айқын. Желідегі еркіндік шекаралары және

жеке жауапкершілік оңтайлы тепе-теңдікті табу мен оны пайымдау өте маңызды.

Цифрлық технологиялардың дамуы қазақстандық бірегейліктің қалыптасуына әсер ететіні сөзсіз. Бір жағынан, ақпаратқа қол жеткізу және жаһандық өзара әрекеттесу мүмкіндіктері жастардың ашық және икемді санасын қалыптастыруға ықпал етеді. Екінші жағынан, сол ашық кеңістік батыстық және өзге де мәдени үлгілердің үстемдік ете бастауына алып келеді, бұл қазақстандық мәдениеттің бірегей ерекшеліктерін сақтауға қауіп төндіреді. Сонымен қатар, қазақстандық бірегейлікке гомогенизация үрдісі де әсер етеді, оны әлеуметтік желілерді жаппай пайдалану мысалында байқауға болады, мұнда мәдени қалаулар мен өмір салты белсенді қалыптасуда. Бұл ұлттық тарихқа, мәдени дәстүрлерге және ана тіліне деген қызығушылықтың төмендеуіне әкеледі.

Цифрлық қоғам экономикалық саланы қарқынды автоматтандырудан, роботтандырудан және виртуалдандырудан тікелей пайда іздейді. Меншік иелерінің экономикалық саланың әртүрлі субъектілерін, әсіресе ірі концерндер мен тресттерді ақпараттық қамтамасыз етуді жаңартуға деген ұмтылысы кездейсоқтық емес. Өмірдің өзі қарқынды ғылыми-техникалық прогресс жолымен жүруді талап етеді және ол өндірісте жұмыс істейтін адамдардың санын азайтуға мәжбүр етіп, жекелеген білікті мамандарға ең қолайлы жағдай жасайды. Өндірістің цифрлық форматының ауқымына тым тығыз енбеген жұмысшылардың белгілі бір санының жалақысы бұрынғы тоқырау деңгейінде қалуы мүмкін. Б. Г. Ивановскийдің пікірінше, цифрландыруды өндіріске енгізу күрделі көп қырлы, бірақ сонымен бірге қажетті процесс. Сонымен қатар, автор «автоматтандыру процесі аса сақтықпен жүргізілуі керек, өйткені ол мүмкін әлеуметтік қақтығысқа ұрындыруы мүмкін екендігін ескертеді» [4, 24 б.].

Цифрлық технологиялардың таралуының белгілі бір әлеуметтік теріс салдары - демалыс күндері электрондық хаттарды оқуға, кешкі уақытта өндірістік функцияларын орындау үшін Интернетті пайдалануға мәжбүр болған жұмысшылардың жұмыс уақыты мен жеке өмірі арасындағы алшақтық және т. б. электрондық құрылғыларды жұмыс уақытынан тыс шамадан тыс пайдалану жұмыс пен жеке өмір арасындағы тепе-теңдікті бұзып қана қоймай, сонымен қатар жұмыс уақытының тепе-теңдігін бұзып, қызметкерлердің денсаулығына зиян тигізуі мүмкін. [5, 18 б.]. Қазіргі адам үйде де, жұмыста да электромагниттік толқындар мен жиіліктер саласында тұрады және жұмыс істейді. Теледидар мен компьютерден басқа, қазіргі заманғы адамның табиғи иммунитетін төмендететін сандық Wi-Fi толқындарын беру жүйесі адам ағзасына үлкен зиянын тигізеді.

Прогрессивті ойлайтын заманауи адам үшін интернетті, цифрлық технологияларды белсенді пайдалану оның тұлға ретінде қалыптасуына

оң ықпал етеді, сонымен қатар мұндай өзара әрекеттесу оның өміріндегі жалпы мәдени, ақпараттық және ғылыми деңгейінің артуына алып келеді. Мұндай байланыстың әлеуметтік әсері өте тиімді. Ақылды, деңгейі жоғары дамыған адамдар цифрлық дәуірге дейін де болғаны сөзсіз. Ғылымдағы көптеген жаңалықтар цифрлық технологияларсыз-ақ жасалды, бірақ қазіргі әлем адам өмірінің барлық аспектілерін технологияландыруға қарай бұрылып, жеке адамға сыртқы әлеммен ыңғайлы байланыс орнатады [6].

Цифрлық технологиялар жүйесінде таралатын ақпарат әртүрлі. Егер ғаламның және заманауи қоғамның дамуының қыр-сырын баяндайтын құнды материал сыни тұрғыдан ойлай алатын адамға өзінің дүниетанымдық ұстанымын әрі қарай дамытуға көмектесе, маргиналды, толыққанды емес тұлға айналадағы әлем туралы шынайы фактіні қоғамдағы әртүрлі үдерістер туралы жалған хабарламадан ажырата алмай, түбегейлі адасуы мүмкін. Сондықтан интернеттің ақпараттық толқыны адамға тек ол сыни тұрғыдан ойлай алған кезде және әлем мен қоғам туралы кез келген ақпаратты талдай білгенде ғана пайдасын тигізеді. Кейде интернет құқыққа қайшы әрекеттердің құралына айналып, кейбір қылмыстық элементтердің алаяқтық әрекеттеріне қызмет етеді, жекелеген жағдайларда әлеуметтік желілер арқылы түрлі деструктивті жобалар (қаржы пирамидалары немесе жеке тұлғалар туралы жалған ақпарат тарату) жарнамаланады.

Алаяқтық әрекеттер үшін жазалау фактілері, өкінішке орай, қазіргі қоғамда үйреншікті жағдайға айналды. Көптеген мемлекеттердің мемлекеттік органдары мұндай теріс, адамгершілікке қарсы және деструктивті сипаттағы әрекеттерге қатысты тиімді алдын алу шараларын қабылдай алмай отыр. Құқық қорғау органдары көптеген жағдайда оқиғаларды тым кеш қарап, елдің қылмыстық кодексіне жекелеген құқық бұзушылықтарды тіркейді. Айта кету керек, цифрлық кеңістікте де ел тұрғындарының жаңа және сенімді ақпарат алуына қайшы келмейтін өзіне тиесілі цензура мен бақылау қажет. Сонымен бірге азаматтардың сөз бостандығына, демократиялық құндылықтарды іске асыру құқықтарына нұқсан келмеуі тиіс.

Цифрлық технологиялар және цифрландыру философиясы

Цифрлық технологияларды дамытуға мұқият қарау қажеттілігі олардың әлеуеті мен қауіптері арасындағы тепе-теңдікті сақтауда жатыр. Интернет кеңістігін реттейтін нормативтік-құқықтық базаны құру, сондай-ақ цифрлық платформаларды пайдаланушылар арасында жаңа этикалық мәдениетті қалыптастыру жаһандық цифрландыру жағдайында қазақстандық бірегейлікті сақтау мен нығайтуға ықпал етуі мүмкін.

Ең бастысы - тұтас ақпараттық массив адамдардың қоғамдық санасын бүлдірмей және халықтар арасындағы өшпенділікті өршітуге триггер болмауы керек. Билік пен халық арасындағы қарама-қайшылық көптеген өркениетті елдердегідей келіссөздер үстелінде, қоғамдық келісім және әлеуметтік ынтымақтастық түрінде шешілуі тиіс. Әлеуметтік желілер мен смартфондағы WhatsApp арқылы қоғамда кез келген ақпаратты тарату қоғамда деструктивті үдерістер туғызбауы керек. Сондықтан қоғамның ақпараттық-коммуникациялық кеңістігінде ақыл-ойдың принципі ерекше маңызға ие екенін атап өткен жөн.

Ақыл-ой адамның қоғамындағы жасанды интеллектті құру мен іске асыруда негізгі бағдар болуы керек. Бұл туралы цифрландыру философиясының шетелдік өкілдері жиі жазады. «Адам деңгейіндегі интеллекті бар компьютерлік бағдарламаларды алу үшін негізгі кедергі - оларға адам деңгейіндегі ақыл-ойды қалай жеткізу керектігін әлі түсіне алмай жатқанымыздың астарында жатыр. Ақыл-ойсыз ешқандай есептеу қуаты адам деңгейіндегі интеллектіні бермейді. Бағдарламалар ақыл-ойға ие болған сәтте есептеу қуатындағы және алгоритмдерді әзірлеудегі жақсартулар оларды интеллектуалды ету үшін тікелей қолданылатын болады. Ақыл-ойды түсіну көптеген философиялық мәселелерді шешудің де кілті болып табылады» [7].

Интернетті, цифрлық технологияларды прогрессивті ойлайтын заманауи адам үшін белсенді пайдалану оның тұлға ретінде қалыптасуында көбіне оңтайлы сәт болып табылады және мұндай өзара әрекеттестік оның өмірлік қызметінде жалпы мәдени, ақпараттық және ғылыми өсуіне ықпал етеді. Мұндай байланыстың әлеуметтік әсері өте перспективті және өнімді. Цифрлық дәуірге дейін де ақылды, дамыған адамдар болғаны сөзсіз. Ғылымдағы көптеген жаңалықтар цифрлық технологияларсыз жасалды, бірақ заманауи әлем адамның өмірінің барлық жақтарын технологияландыру жағына қарай трансформациялануда, жеке тұлғаның сыртқы әлеммен ыңғайлы қарым-қатынасын қамтамасыз етуде [8].

Интернеттің, цифрлық технологиялардың, виртуалдық әлемнің маргиналдық қауымдастыққа әсері әрдайым оң болмайды, себебі интернет әртүрлі деңгейдегі және мазмұндағы ақпаратты қамтиды. Толық жетілмеген тұлғалар жалған, тексерілмеген жаңалықтарды шынайы деп қабылдап, оларды барлық таныстарына таратуға дайын. Осылайша, қоғамда әлеуметтік және саяси өмірдің өткір мәселелері төңірегінде белгілі бір әлеуметтік шиеленіс туындауы мүмкін. Осыған байланысты ақпараттық қоғам дәуірінде шынайы әмбебап, тұтас тұлғаның тұрақты және прогрессивті дүниетаным мен көзқараспен қалыптасу мәселесі өте маңызды болып қала береді.

Біз заманауи әлемде негізінен техникалық және технологиялық прогрестің құндылықтық басымдықтарымен өмір сүріп жатырмыз.

Сонымен қатар барлық мемлекеттерде ақпараттық технологиялар мен басқару жүйелері арқылы адамның өмірін бақылауға ұмтылыс бар, сондай-ақ осы жүйелер арқылы басқаларды бақылауға деген құмарлық кейбір элита арасында кездеседі. Бұл адамзат қоғамы үшін техникалық прогрестің сөзсіз салдары болып табылады.

«Цифрлық өзара әрекеттесу мүмкіндіктерін құру байланыс орнатуға мүмкіндік береді, сонымен қатар манипуляцияның бұрын-соңды болмаған механизмдеріне жол ашады, ал басты мәселе - жаңа цифрлық әлемдерді кім және қалай басқарады?» - деп жазады қазіргі заманның прогрессивті аналитиктері [9]. Қоғам мүшелерін бақылау мәселесі кез келген мемлекеттің қажетті құрамдас бөлігі немесе, басқаша айтқанда, ұлттық қауіпсіздік мәселесі. Бірақ мұндай бақылау әрбір адамның гуманизм мен құқықтық жеке бостандық принциптеріне негізделуі тиіс. Халық пен биліктің жауапкершілігі бірін-бірі толықтырып отыруы керек.

Қазіргі әлемдегі киберкеңістік техника мен технология философиясы тұрғысынан әлі де терең зерттелген жоқ. Егер адамгершілік негізгі категория ретінде кибернетиканың мәні мен қолданылуында басты болмайтын болса, цифрлық технологиялардың дамуының салдары болжанбайтын және көп қырлы болып қала береді. Сондықтан, Е.О. Педерсен «Философия және цифрландыру: жаңа цифрлық әлемдердегі қауіптер мен мүмкіндіктер» атты өз еңбегінде деп атап өткендей: «Цифрлық әлемнің негізгі шиеленісі, ол бүгінгі күні де сақталып отыр, бұл - барлық адамзат дамуының аспектілеріне тән болуы мүмкін шиеленіс, дегенмен біздің жаңа цифрлық әлемдерімізде ерекше сезіледі. Яғни: цифрландыру адам үшін үлкен бостандық пен шығармашылық мүмкіндіктер кеңістігін ұсынады, ал бұл бостандықтың екінші жағы – бақылаудың күшеюі» [10].

Қазіргі әлемде, әсіресе жаһандық пандемиядан кейін кейбір мемлекеттер үшін адамдарды жалпы бақылау олардың экономикалық және мәдени саясатының құрамдас бөлігіне айналууда. Қазіргі инклюзивті капитализм үшін, негізінен, аса қуатты мемлекетаралық корпорациялардың мүдделері қадір тұтылады. Әлемдік тәртіпті бақылау мәселесі басты орынға шығады. Енді, прогресс пен демократияның тасымалдаушысы ретінде орта тап өткен ғасырдағыдай аса құнды емес. Бұл туралы экономист Клаус Шваб өзінің «Great Reset» еңбегінде ашық жазды [11]. Бұл еңбек ресейлік ғалымдар мен технология философиясының аналитиктері тарапынан қатаң сынға ұшырады.

Өкінішке орай, қазіргі әлемде барлық елдерде бақылаудың негізгі құралдары мен кең ауқымды және асимметриялық бақылау жүйелері аздаған белсенді адамдардың қолында болып шықты, және көпшілігіміз үшін киберкеңістіктің бастапқы автономияға қол жеткізу уәдесі философтар айтқандай, өзінің кері қалпына, бөтен болмысына айналуы

мүмкін. Бұл – цифрлық шындық әлеміндегі өзіндік бір жатсыну. Бұл саладағы басты міндет — осы жасанды лабиринттен шығудың жолын табу. Қазіргі әлем рухани дағдарысты тереңдетуге ықпал ететін қайшылықтардың жаңа түрлері мен формаларын тудырады. Осылайша, жаңа цифрлық әлемдерден туындайтын әлеуметтік және дүниетанымдық қауіптер – біздің өзіміздің адамзаттың қолынан шыққан туынды, сондықтан цифрлық кеңістіктегі еркіндік пен бақылау диалектикасы адамның өз шешімдерін қабылдауды мүмкін етеді. Тек технология философиясы адамның және қоғамның философиясымен тығыз интеграцияда ғана бұл күрделі мәселені шеше алады. Қазіргі дәуірде аналитикалық философияның дамуына өте көп нәрсе байланысты. Былайша айтқанда, цифрлық технологиялардың даму әлеміндегі сұрақтар оларға берілетін жауаптардан көп.

Қорытынды

Цифрлық технологиялар қазақстандық бірегейлікті қалыптастыру және трансформациялау үдерісінде екіұшты рөл атқарады. Бір жағынан, олар интеграцияны күшейтіп, Қазақстанның жаһандық процестерге белсенді қатысуына ықпал етіп, экономикалық және мәдени дамуға жаңа мүмкіндіктер ашады. Ақпаратқа қолжетімділіктің артуы, білім беру ресурстарының кеңеюі, цифрлық инновациялар арқылы мемлекеттік басқарудың жетілдірілуі – мұның барлығы қоғамның әлеуметтік-экономикалық және мәдени прогресіне серпін береді.

Екінші жағынан, цифрлық технологиялардың жедел дамуы ұлттық құндылықтардың әлсіреуіне, мәдени бірегейліктің көмескіленуіне және әлеуметтік теңсіздіктің тереңдеуіне әкелуі мүмкін. Сандық ортада жаһандық мәдени стандарттардың басым болуы, ұлттық мазмұндағы ақпараттық ресурстардың шектеулігі, цифрлық алшақтықтың сақталуы – осының бәрі қазақстандық қоғам үшін маңызды сын-тегеуріндер тудырады. Бұдан бөлек, әлеуметтік желілер мен онлайн платформаларда жалған ақпараттың таралуы, манипуляция мен идеологиялық ықпал ету қаупі де бірегейлікке әсер етуі мүмкін.

Сондықтан цифрлық технологияларды дамытудың негізгі міндеті – олардың әлеуеті мен қауіптері арасындағы тепе-теңдікті сақтау. Бұл үшін бірнеше кешенді шаралар қажет:

- Интернет кеңістігін реттейтін нормативтік-құқықтық базаны жетілдіру, соның ішінде цифрлық контентті басқару, дербес мәліметтерді қорғау және киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету тетіктерін күшейту;
- Ұлттық цифрлық контентті дамыту, қазақстандық мәдени және ғылыми ресурстардың онлайн қолжетімділігін арттыру, қазақ және басқа да этникалық топтардың тілдерінде сапалы ақпарат өндіруді қолдау;

- Цифрлық платформаларды пайдаланушылар арасында жаңа этикалық мәдениетті қалыптастыру, онлайн-қатынастардағы жауапкершілік, деректердің құпиялылығы және цифрлық әдеп нормаларын нығайту;

- Білім беру жүйесінде цифрлық сауаттылық пен сыни ойлауды дамыту, жастардың ақпаратты талдау, тексеру және саналы тұтыну қабілеттерін арттыру;

- Мемлекеттік және қоғамдық институттардың өзара әрекеттестігін күшейту, азаматтық қоғамның цифрлық трансформацияға белсенді қатысуын ынталандыру.

Осылайша, кешенді саясат пен теңгерімді тәсілдер арқылы Қазақстан жаһандану жағдайында өз ұлттық бірегейлігін сақтай отырып, цифрлық технологиялардың артықшылықтарын тиімді пайдалана алады. Цифрлық ортада мәдени және рухани мұраны сақтау мен ілгерілету, қоғамдық сананы жаңғырту және ұлттық құндылықтарды нығайту – болашақта елдің тұрақты дамуындағы стратегиялық басымдықтардың бірі болуы тиіс.

Әдебиеттер

1 Степин В.С. Глобализация и диалог культур: проблема ценностей // *Век глобализации*. – 2011. – № 2. – С. 8-17.

2 Bentley, S.V., Naughtin, C.K., McGrath, M.J. *et al.* The digital divide in action: how experiences of digital technology shape future relationships with artificial intelligence. *AI Ethics* (2024). <https://doi.org/10.1007/s43681-024-00452-3>

3 Majumder, M., Tripathi, A.K. Transformative power of technologies: cultural transfer and globalization. *AI & Soc* 38, 2295–2303 (2023). <https://doi.org/10.1007/s00146-021-01144-w>

4 Ивановский Б.Г. Социально-экономические последствия развития цифровых технологий. (обзор) // *Актуальные исследования*. – № 18 (45), Май 2021. – С.12-13.

5 Bussemer T., Krell C., Meyer H. Social democratic values in the digital society. *Challenges of the fourth industrial revolution / Social Europe*. – L., 2016. – January. – 19 p. – (Social Europe. Occasional paper series; N 10).

6 Пастухова А.Э. Цифровые технологии как драйвер развития предприятий индустрии туризма в России // *Российские регионы: взгляд в будущее*. – 2019. – № 6-2. – С. 150-166. – [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <https://elibrary.ru/item.asp?id=38223039&>

7 Birhane, A., and J. van Dijk. 2020. “Robot Rights? Let’s Talk about Human Welfare Instead.” In *Proceedings of the AAAI/ACM Conference on AI, Ethics, and Society*, 207–13. – New York: ACM.

8 Жулего В.Г., Балякин А.А. Цифровизация общества: новые вызовы в социальной сфере // *Вестник Алтайской академии экономики и права*. – 2019. – № 9. – С. 36-43. – [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <https://www.vaael.ru/pdf/2019/9-2/718.pdf>

9 Пастухова А.Э. Цифровые технологии как драйвер развития предприятий индустрии туризма в России // *Российские регионы: взгляд в будущее*. – 2019. – № 6-2. – С. 150-166. – [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <https://elibrary.ru/item.asp?id=38223039&>

10 Pedersen, E.O Philosophy and Digitization: Dangers and Possibilities in the New Digital Worlds) .SATS Volume 22 Issue 1., 2021, pp. 1–9.

11 Шваб К. «COVID-19: Великая Переагрузка» The Great Reset. <https://www.labirint.ru/books/979471/>

Transliteration

1 Stepin V.S. Globalizaciya i dialog kul'tur: problema cennostej [Globalization and Dialogue of Cultures: The Problem of Values] // *Vek globalizacii*. – 2011. – № 2. – С. 8-17.

2 Bentley, S.V., Naughtin, C.K., McGrath, M.J. et al. The digital divide in action: how experiences of digital technology shape future relationships with artificial intelligence. *AI Ethics* (2024). <https://doi.org/10.1007/s43681-024-00452-3>

3 Majumder, M., Tripathi, A.K. Transformative power of technologies: cultural transfer and globalization. *AI & Soc* 38, 2295–2303 (2023). <https://doi.org/10.1007/s00146-021-01144-w>

4 Ivanovskij B.G. Social'no-ekonomicheskie posledstviya razvitiya cifrovyyh tekhnologij (obzor) [Socio-Economic Consequences of the Development of Digital Technologies (Review)] // *Aktual'nye issledovaniya*. – № 18 (45), Maj 2021. S.12-13.

5 Bussemer T., Krell C., Meyer H. Social democratic values in the digital society. Challenges of the fourth industrial revolution / *Social Europe*. – L., 2016. – January. – 19 p. – (Social Europe. Occasional paper series; N 10).

6 Pastuhova A.E. Cifrovye tekhnologii kak drajver razvitiya predpriyatij industrii turizma v Rossii [Digital Technologies as a Driver for the Development of Tourism Industry Enterprises in Russia] // *Rossijskie regiony: vzglyad v budushchee*. 2019. № 6-2. S. 150-166. – [Elektronnyj resurs]. – Rezhim dostupa: <https://elibrary.ru/item.asp?id=38223039&>

7 Birhane, A., and J. van Dijk. 2020. “Robot Rights? Let’s Talk about Human Welfare Instead.” In *Proceedings of the AAAI/ACM Conference on AI, Ethics, and Society*, 207–13. – New York: ACM.

8 Zhulego V.G., Balyakin A.A. Cifrovizaciya obshchestva: novye vyzovy v social'noj sfere [Digitalization of Society: New Challenges in the Social Sphere] // *Vestnik Altajskoj akademii ekonomiki i prava*. – 2019. – № 9. – С. 36-43. – [Elektronnyj resurs]. – Rezhim dostupa: <https://www.vael.ru/pdf/2019/9-2/718.pdf>

9 Pastuhova A.E. Cifrovye tekhnologii kak drajver razvitiya predpriyatij industrii turizma v Rossii [Digital Technologies as a Driver for the Development of Tourism Industry Enterprises in Russia] // *Rossijskie regiony: vzglyad v budushchee*. – 2019. – № 6-2. – С. 150-166. – [Elektronnyj resurs]. – Rezhim dostupa: <https://elibrary.ru/item.asp?id=38223039&>

10 Pedersen, E.O Philosophy and Digitization: Dangers and Possibilities in the New Digital Worlds) .SATS Volume 22 Issue 1., 2021, pp. 1–9.

11 Shvab K. «COVID-19: Velikaya Perezagruzka». The Great Reset. <https://www.labirint.ru/books/979471/>

Нұрмұратов С.Е., Жаңабаева Д.М., Мейрманов А.Д.

Цифровые технологии в современном мире: ценностные аспекты и их влияние на казахстанскую идентичность

Аннотация. В данной статье рассматривается влияние цифровых технологий на ценностные ориентиры современного казахстанского общества, с акцентом на процесс формирования национальной идентичности. Используя междисциплинарный подход,

авторы анализируют воздействие цифровизации на духовные ценности, выявляют ключевые противоречия между традиционными культурными нормами и техногенными идеалами, а также исследуют возможные механизмы их конвергенции.

Изучаются особенности формирования цифровой идентичности и ее влияние на социальные установки и модели поведения казахстанской молодежи. Рассматриваются такие актуальные вопросы, как угроза ослабления национальной идентичности в условиях глобального информационного пространства, воздействие цифровых платформ и социальных сетей на общественное сознание, распространение новых форм коммуникации и потребления информации, а также их влияние на систему ценностных приоритетов.

Кроме того, анализируются перспективы сохранения и адаптации традиционных духовных и культурных ценностей в условиях цифровизации, а также предлагаются возможные стратегии гармоничного сочетания национальной идентичности с цифровыми инновациями. Особое внимание уделяется вопросам государственной политики в сфере цифровой трансформации, а также роли образовательных и просветительских инициатив в укреплении культурной устойчивости.

Таким образом, данное исследование вносит вклад в осмысление процессов трансформации ценностных ориентиров в эпоху цифровых технологий и актуализирует проблему сохранения национальной идентичности в условиях глобальных изменений.

Ключевые слова: цифровизация, цифровые технологии, ценностные аспекты, культурная самобытность, трансформация, культура, современное общество, сетевая идентичность, глобализация.

Nurmuratov S., Zhanabayeva D., Meirmanov A.

Digital Technologies in the Modern World: Value Aspects and their Impact on Kazakhstan's Identity

Abstract. The authors examine the impact of digital technologies on value orientations in contemporary Kazakhstani society, with a particular focus on the formation of national identity. Employing an interdisciplinary approach, the study analyzes the influence of digitalization on spiritual values, identifies key contradictions between traditional cultural norms and technogenic ideals, and explores potential mechanisms for their convergence.

The research provides a comprehensive analysis of the formation of digital identity and its effects on the social attitudes and behavioral models of Kazakhstani youth. Furthermore, it addresses pressing issues such as the risk of national identity erosion in the global information space, the influence of digital platforms and social networks on public consciousness, and the proliferation of new forms of communication and information consumption, along with their impact on value priorities.

In addition to examining the prospects for preserving and adapting traditional spiritual and cultural values in the context of digitalization, the authors propose potential strategies for harmonizing national identity with digital innovations. Special attention is given to state policies in the field of digital transformation, as well as the role of education and public awareness initiatives in strengthening cultural stability.

Thus, this study contributes to the understanding of the transformation of value orientations in the digital era, highlighting the growing relevance of national identity preservation amid rapid societal change.

Keywords: digitalization, digital technologies, value aspects, cultural identity, transformation, culture, modern society, network identity, globalization.